

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің арасындағы
Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының
жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 қарашадағы N 1160 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының

Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия

Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы

туралы келісімді бекіту туралы

2000 жылғы 27 маусымда Брюссель қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі

Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігінің Үкіметі,

Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның қатысушылары ретінде, олардың тиісті аумақтары арасында әуе қатынасын белгілеу мақсатында аталған

Конвенцияға қосымша келісім жасауға тілек білдіре отырып, халықаралық әуе тасымалдары кезінде ұшу қауіпсіздігі мен авиация қауіпсіздігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге тілек білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін, егер контекстен өзге мән туындамаса:

а) "Конвенция" термині Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны білдіреді және оған осы Конвенцияның 90-бабына сәйкес кез-келген Қосымша және Конвенцияның 90 және 94-баптарына сәйкес Қосымшаға немесе Конвенцияға кез-келген түзету, осы Қосымшалар мен түзетулер екі Тараппен де қабылданған және бекітілген дәрежеде к і р е д і ;

б) "Келісім" термині осы Келісімді, оның Қосымшасын және осы Келісімнің 19-бабына сәйкес қабылданған Келісімге немесе Қосымшаға кез-келген өзгерістерді б і л д і р е д і ;

с) "авиациялық билік орындары" термині Қазақстан тарабынан - Көлік және коммуникациялар министрлігін, Бельгия Корольдігі тарабынан - Коммуникациялар және инфрақұрылым министрлігін немесе, екі жағдайда да немесе осы кезде көрсетілген билік орындары жүзеге асыратын функцияларды орындауға уәкілетті кез-келген органды немесе тұлғаны білдіреді;

д) "аумақ", "әуе қатынасы", "халықаралық әуе қатынасы" "авиакәсіпорын", "коммерциялық емес мақсаттармен аялдау" терминдері Конвенцияның 2 және 96-баптарында көрсетілген мағынаны тиісінше білдіреді;

е) "тағайындалған авиакәсіпорын" термині осы Келісімнің 3 және 4-баптарына сәйкес тағайындалған және ұшуды орындауға рұқсат алған авиакәсіпорынды білдіреді;

ф) "уағдаластық желілері" термині жолаушыларды, жүкті және почтаны жеке және қиыстыра тасымалдау үшін осы Келісімнің Қосымшасында белгіленген бағыттар бойынша тұрақты әуе қатынасын білдіреді;

г) "тарифтер" термині - агенттік немесе басқа қосымша қызмет көрсетулерге бағаны және шарттарды қосқанда, бірақ почтаны тасымалдау төлемдері мен шарттары кірмейтін, жолаушыларды, теңдеме жүкті және жүкті тасымалдау үшін төленетін бағаларды және осы бағалар қолданылатын шарттарды білдіреді;

h) "әуе кемесін ауыстыру" термині тағайындалған авиакәсіпорынның уағдаластық желілерінің бірін бағыттың басқа учаскесіне қызмет ететін әуе кемесінен көлемі бойынша өзгеше әуе кемесі қызмет ететін бір учаскені пайдалануын білдіреді;

і) "әуе кемесінің жабдықтары", "жер бетіндегі жабдық", "борттық қорлар", "қосалқы

бөлшектер" терминдері Конвенцияның 9-қосымшасында көрсетілген мағынаны тиісінше білдіреді; .

j) "алымдар" термині авиакәсіпорыннан әуежайды бергені үшін, аэронавигацияның құралдары және авиациялық қауіпсіздік, сондай-ақ басқа да қызмет көрсетулер үшін алынатын алымды білдіреді.

2-бап

Құқықтар беру

1. Әрбір Тарап екінші Тарапқа тиісті тағайындалған авиакәсіпорындар халықаралық әуе қатынасын орындау үшін мына құқықтарды береді:

- а) олардың мемлекеттерінің аумақтары арқылы қонбастан ұшып өту;
- б) олардың мемлекеттерінің аумағына коммерциялық емес мақсаттармен қону;
- с) олардың мемлекеттерінің аумағында екінші Тарап мемлекетінің аумағынан немесе аумағына Қосымшада белгіленген бағыттарды пайдаланған кезде жолаушыларды, жүкті және почтаны халықаралық тасымалдағанда бортқа тиеу және түсіру мақсатында қону.

2. Осы баптың 1-тармағында ешнәрседе бір Тарап авиакәсіпорнының екінші Тарап мемлекетінің аумағында жалдау шарты бойынша немесе сыйақы үшін және осы екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы басқа мекенге тасымалдауға жататын жолаушыларды, жүк пен почтаны бортқа алуына құқық береді деп қаралмайтын болады.

3-бап

Ұшуды орындауға тағайындау

1. Әрбір Тарап екінші Тарапқа дипломатиялық арналар бойынша құлақтандыра отырып, осындай Тарап үшін Қосымшада белгіленген бағыттар бойынша халықаралық қатынастарды орындау үшін бір немесе бірнеше авиакәсіпорындар тағайындауға құқылы.

2. Әрбір Тарап екінші Тарапты дипломатиялық арналар бойынша құлақтандыра отырып, кез келген осындай авиакәсіпорындарды тағайындаудан бас тарту және басқасын тағайындау құқығы болады.

4-бап

Ұшуды орындауға рұқсат ету

1. Осы Келісімнің 3-бабына сәйкес, бір Тараптан авиакәсіпорындарын тағайындау туралы хабар алу бойынша екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары өз заңдары мен ережелеріне сәйкес осылай тағайындалған авиакәсіпорындарға кешіктірмей, қызмет көрсету тіпті болмағанда Конвенцияның 16-қосымшасы (үшінші

басылым - 1993) бірінші томының екінші бөлімі III-тарауының талаптарына жауап беретін әуе кемесімен жүргізілген жағдайда, олар тағайындаған уағдаластық желілерін пайдалануға тиісті рұқсаттар береді.

2. Осындай рұқсаттарды алу бойынша авиакәсіпорын осы Келісімнің ережелеріне сәйкес әрекет еткен және де тарифтер осы Келісімнің 13-бабы ережелеріне сәйкес белгіленген жағдайда авиакәсіпорын кез-келген уақытта уағдаластық желілерін толық немесе бөлшектеп пайдалануды бастай алады.

5-бап

Ұшуды орындауға арналған рұқсаттың күшін жою және қолданылуын тоқтату

1. Әрбір Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары осы Келісімнің 4-бабында аталған рұқсаттың қолданылуын тоқтатуға құқылы, екінші Тарап тағайындаған авиакәсіпорынға қатысты осындай рұқсатты жоюға немесе тоқтатуға немесе уақытқа немесе тұрақты негізде қажет деп санайтын осындай шарттарды орындауды талап е т у г е :

а) егер, осы авиакәсіпорындар Конвенцияға сәйкес халықаралық әуе қатынасын пайдаланғанда осы билік орындары әдеттегідей және орынды қолданатын заңдар және ережелермен ұйғарылған шарттарды орындай алмағанда;

б) егер авиакәсіпорындар осы Келісімде ұйғарылған шарттарға сәйкес ұшуды о р ы н д а й а л м а ғ а н д а ;

с) егер осы авиакәсіпорындар осы Тараптың заңдары мен ережелерін сақтай а л м а ғ а н д а ;

д) егер авиакәсіпорын екінші Тарап мемлекетінің аумағында тіркелген немесе олардың негізгі қызмет орны орналасқандығына олардың дәлелі болмаса және бұдан басқа екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары берген күші бар П а й д а л а н у ш ы к у ә л і г і б о л с а .

2. Егер жоғарыда аталған тек шапшаң әрекеттер заңдар мен ережелердің бұдан әрі де бұзылуын болдырмау үшін қажетті болып табылмаса осы Баптың 1-тармағында көрсетілген құқықтар осы Келісімнің 17-бабына сәйкес екінші Тараптың авиациялық билік органдарымен консультациялардан кейін ғана қолданылатын болады.

6-бап

Заңдар мен ережелердің қолданылуы

1. Бір Тарап мемлекетінің халықаралық ұшуды орындайтын әуе кемесінің оның аумағына жіберуіне ұшып келуі мен ұшып кетуіне немесе аумағының шегінде осындай әуе кемесінің пайдаланылуын немесе навигациясына қатысты заңдары мен ережелерін

екінші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорны айтылған аумақ шегінде келу, кету және болу кезінде сақтайтын болады.

2. Бір Тарап мемлекетінің кіруге, тазартуға, транзитпен өтуге, иммиграцияға, құжаттық бақылауға, кедендік бақылауға, валюталық реттеуге, санитарлық бақылау мен карантинге қатысты заңдары мен ережелерін екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындары және олардың экипаждары, жолаушылары, жүгі мен почтасы немесе олардың атынан осындай Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағына транзитпен өту, жіберу, келу кезінде және болу кезеңінде сақтайтын болады.

Кез келген Тарап мемлекетінің аумағы арқылы транзитпен өтетін жолаушылар оңайлатылған бақылауға ұшырайды.

Осы ереже 1985 жылғы 14 маусымдағы Шенген Келісіміне сәйкес конвенцияның қатысушысы болып табылатын мемлекеттің бағытындағы транзит жолаушысы болған жағдайда қолданылмайды.

3. Тараптардың ешқайсысы өзінің тағайындалған авиакәсіпорнына немесе басқа авиакәсіпорынға осы Баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген өз ережелерін қолдануда немесе олардың бақылауындағы әуежайларды, әуе трассаларын, әуе қозғалысы қызметтерін және соған байланысты жабдыққа осындай халықаралық әуе тасымалдарына қатысатын екінші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорнына бергенінен артық құқық бермейді.

7-бап

Куәліктер, айғақ құжаттар және ұшулар қауіпсіздігі

1. Тараптардың бірі берген немесе күші бар деп таныған және күш мерзімі өтпеген ұшу жарамдылық куәліктері, біліктілік куәліктері және айғақ құжаттары осындай айғақ құжаттар мен куәліктер Конвенция белгілеген стандарттарға сәйкес тиісті мемлекет берген және күші бар танылған жағдайда, Қосымшада белгіленген келісілген әуе желілерін пайдалану мақсатында екінші Тараппен де күші бар деп танылады.

Әрбір Тарап өз мемлекеті аумағының үстінен ұшуға қатысты олардың азаматтарына екінші Тарап мемлекеті берген біліктілік куәліктері мен айғақ құжаттарын танудан бастартуға құқылы.

2. Егер осы Баптың 1-тармағында көрсетілген айғақ құжаттар мен куәліктер Конвенциямен белгіленген стандарттардан өзгеше болса және осындай өзгешеліктерді Халықаралық азаматтық авиация ұйымы тіркеген болса, екінші Тарап мемлекетінің билік орындары талаптар осы мәселе бойынша олар үшін тиімді екенін қанағаттандыру мақсатында осы Келісімнің 17-бабына сәйкес кеңес өткізу туралы сұрау сала алады.

Егер ұшу қауіпсіздігіне қатысты мәселелер жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілмесе, бұл осы Келісімнің 5-тармағын қолдануға негіздеме болып табылатын болады.

3.1. Әрбір Тарап екінші Тарап қабылдаған экипажға, әуе кемелеріне немесе оларды пайдалануға байланысты кез келген салада ұшу қауіпсіздігінің стандарттарына қатысты кез келген уақытта консультация өткізу туралы сұрау сала алады. Бұндай кеңес сұрау салынған күнінен бастап 30 күн ішінде өткізілетін болады.

3.2. Егер осындай консультация барысында бір Тарап екінші Тараптың осы сәтте кем дегенде Чикаго Конвенциясын белгіленген төмен стандарттарға сәйкес келетін қауіпсіздік стандарттарын мұндай кез келген салада тиімсіз қолданатынын және орындайтынын білдірсе, бір Тарап екінші Тарапты осындай кем дегендегі стандарттарға сәйкес келуі үшін тұжырым және шаралар туралы құлақтандырады және екінші Тарап ережені түзетуге тиісті шара қолданатын болады. Егер екінші Тарап 15 күн ішінде немесе келісіле алатын осыған пара-пар уақыт ішінде қажетті шара қолданбаса, онда бұл осы Келісімнің 5-бабын қолдануға негіздеме болады (күшін жою, тоқтату және ұшуды орындауға рұқсатты өзгерту).

3.3. Конвенцияның 33-бабында ескертілген міндеттемелерге қарамастан екінші Тарап мемлекетінің шегінде, оның аумағы желілерінде және аумағындағы бір Тарап мемлекетінің авиакәсіпорыны атынан немесе авиакәсіпорынымен пайдаланылатын немесе лизингтегі кез келген әуе кемесі екінші Тарап мемлекетінің уәкілеттендірілген өкілдерімен әуе кемесінің бортында және сырт бөлігінде, әуе кемесіне құжаттардың жарамдылығы мерзімі мен оның экипажы және әуе кемесінің сыртқы жағдайы мен оның жабдықтары тексеріске ұшырай алатыны туралы уағдаластыққа, бұның негізсіз кідіртуге апарып соқпайтындығы шартымен қол жеткізілді (осы Бапта бұндай тексеріс "рамптық тексеріс" деп аталады).

3.4. Егер бұндай рамптық тексеріс немесе рамптық тексерістер тобы:

а) әуе кемесі немесе әуе кемесін пайдалану осы уақытқа Чикаго Конвенциямен белгіленген ең төменгі стандарттарға сәйкес келмеуге, немесе

б) Чикаго Конвенциясының 33-бабына сәйкес тексеріс жүргізуші Тарап, осы уақытқа Чикаго Конвенциясымен белгіленген ұшу қауіпсіздігіне сәйкес стандарттарды жеткіліксіз түрде тиімді қолдану мен орындау орын алуға апарып соқтырса, шарттарға сәйкес осы әуе кемесіне немесе әуе кемесі экипажына қатысты берілген айғақтар мен куәліктер берілді немесе күші бар деп мақұлданбаса, немесе осы әуе кемесінің шарттарға сәйкес ұшуларды орындауы Чикаго Конвенциясымен белгіленген ең төменгі стандарттарға тең емес болып табылады және олардан аспайды деп қорытуға құқығы бар.

3.5. Бір Тараптың авиакәсіпорынымен немесе авиакәсіпорындарымен немесе жоғарыда көрсетілген 3.3-тармаққа сәйкес олардың аттарынан пайдаланылатын әуе кемесін рамптық тексеріс мүмкіндігіне осы авиакәсіпорынның өкілдерімен рұқсат етілмесе, екінші Тарап 3.4-тармақта көрсетілген шынайы проблемалар бар деп есептеу негіздемесіне ие болады және осы тармаққа сәйкес шешім қабылдайды.

3.6. Егер бір Тарап рамптық тексеріс, топтық рамптық тексеріс кезінде немесе

рамптық тексеріс, консультация өткізуге келісім берілмегенде немесе басқа да жағдайларда авиакәсіпорындармен ұшуды қауіпсіз түрде орындауға жедел әрекеттер қажет болған жағдайда әрбір Тарап екінші Тараптың авиакәсіпорынымен немесе авиакәсіпорындарымен ұшу орындауын жедел тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

3.7. Жоғарыда көрсетілген 3.2 немесе 3.3-тармақтарға сәйкес бір Тараппен қабылданған кез келген шара осы шараны қабылдауға негіздеме жарамсыз болған жағдайда тоқтатылады.

8-бап

Авиациялық қауіпсіздік

1. Тараптар, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын, бір-біріне қатысты алған азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне заңсыз араласу актілерінен қорғау міндеттерін
м а қ ұ л д а й д ы .

2. Тараптар бір Тараптың өтініші бойынша азаматтық әуе кемелерін заңсыз басып алу актілеріне және осы әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, әуежайлар мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрқилы әрекеттерге жол бермеуде бір-біріне қажетті барлық көмегін көрсетіп отыратын болады .

3. Тараптар сонымен бірге, Токиода 1963 жылғы 14-қыркүйекте қол қойылған Әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар мен кейбір басқа актілер туралы конвенцияның, Гаагада 1970 жылғы 16 желтоқсанда қол қойылған Әуе кемелерін заңсыз басып алуға тойтарыс беру жөніндегі конвенцияның және Монреальда 1971 жылғы 23 қыркүйекте қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы жасалатын заңсыз актілермен күресу туралы және басқа да екі Тарапқа да міндетті авиациялық қауіпсіздік көптарапты кез келген келісімге сәйкес әрекет жасайды.

4. Тараптар екі жақты қарым-қатынасын Халықаралық азаматтық авиация ұйымы белгілеген және Халықаралық азаматтық авиация жөніндегі Конвенцияға Қосымшалар аталатын авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сәйкес, мұндай қауіпсіздіктер жөніндегі ережелер Тараптарға қолданымды болатын дәрежеде іс-әрекет жүргізеді; қызмет орыны мен тұрақты жұмыс орындары өз мемлекеттерінің аумағында болатын олар әуе кемелеріне пайдаланушылар немесе тіркеушілер мен өз мемлекеттерінің аумақтарындағы әуежайларды пайдаланушы осындай авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сәйкес әрекет жасауларын талап ететін болады.

5. Әрбір Тарап екінші Тарап мемлекетінің аумағы шегінде ұшып баруға талап етілетін авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді толық сақтауға, жолаушыларды экипажды, қол жүктерін, теңдеме жүкті және жүкті отырғызудан немесе тиеуден бұрын тексеру кезінде орынды шаралар қолдануға келіседі. Әрбір Тарап екінші Тараптың

нақты қатерге байланысты әуе кемелерінің және олардың жолаушыларының қауіпсіздігі жөніндегі арнайы шаралар қолдану туралы кез келген өтінішін зор тілекпен қ а р а п о т ы р а д ы .

6. Азаматтық әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты немесе әуе кемесінің, ондағы жолаушылар мен экипаждың, әуежайлар мен басқадай аэронавигациялық құрал-аспаптардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге байланысты қақтығыстар немесе қақтығыс қатері туған жағдайда, Тараптар байланыс құралдарымен жәрдемдесу арқылы және ондай қақтығыс қатерін жедел және қауіпсіз түрде жою мақсатында басқадай тиісті шаралар қолдану арқылы бір-біріне көмектесетін болады.

7. Егер Тарап осы Баптың авиациялық қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді орындаудан жалтарса, онда екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары ол Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарының дереу консультациялар өткізуін талап ете алады. Егер Тараптар отыз (30) күн ішінде қанағаттанарлық келісімге келе алмаса, онда бұл осы Келісімнің 5-бабын қолдануға негіз болады.

9-бап

Алым ставкалары

1. Бір Тарап мемлекетінің аумағында екінші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарынан әуежайларды және басқа да авиациялық жабдықтарды екінші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарының әуе кемелері пайдаланғаны үшін алынатын алымдары бірінші Тараптың осындай халықаралық әуе қатынасында қолданылатын ұлттық авиакәсіпорнынан алынатын алымдар ставкасынан жоғары б о л м а й д ы .

2. Әр Тарап жабдықтарды және қызмет көрсетулерді пайдаланатын уәкілетті билік орындарының және тағайындалған авиакәсіпорындарының арасында кеңестерді жүргізуді мүмкіндігінше, авиакәсіпорындарды білдіретін ұйымдар арқылы ынталандыратын болады. Алымдар ставкаларының кез келген болжамды өзгерістері туралы оларға өзгерістер жасалғанға дейін өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік беру үшін тиісті құлақтандыру жасалады.

10-бап

Кедендік баждар мен акциздік алымдар

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың тағайындалған кәсіпорындарын әуе кемесіне, отынға, жағармайға, тұтынылатын техникалық қорларға, қозғалтқыштарды қоса қосалқы бөлшектерге, борттық табельдік жабдыққа, жердегі жабдыққа борттық қорларға және сондай-ақ, басылған билеттер, авиа жүк, тауар құжаттамалары, кәсіпорынның белгісі бар кез келген баспалық материал және бұл тағайындалған авиакәсіпорындар тарататын жай баспалық материалдар сияқты уағдаласқан желілерді

пайдаланатын екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарының әуе кемелерін пайдалануға ғана және қызмет етуіне байланысты арналған басқа да заттарын импорт бойынша шектеулерден, кедендік баждардан, акциздік және алымдардан және басқа да мемлекеттік, аймақтық және жергілікті баждардан немесе салықтардан босатады.

2. Осы бап ұсынған босатулар пайдаланатын немесе тұтынылатын, немесе, пайдаланылмайтын немесе тұтынылмайтын, босатуды білдіретін Тарап мемлекетінің аумағы шегінде осы баптың 1-тармағында атап көрсетілген материалдарға қолданылатын болады, егер ондай материалдар:

а) бір Тарап мемлекетінің аумағына екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарымен немесе олардың атынан әкелінген, бірақ аталған Тарап мемлекетінің аумағында иеліктен шығарылмаған болса;

б) бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесінің бортында екінші Тарап мемлекетінің аумағына келгенде немесе аумағынан кеткенде сақталатын болса;

с) бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесіне бортына екінші Тарап мемлекетінің аумағында қабылданған және уағдаластық желілерді пайдалануға беруде пайдалану үшін арналған болса.

3. Борттық табельдік жабдықтар, жер беті жабдығы әдетте кез келген Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарының әуе кемелерінің бортында ұсталатын материалдар мен қорлар сияқты, екінші Тарап мемлекетінің аумағында тек аталған аумақтың кедендік билік орындарының рұқсатымен ғана түсірілуі мүмкін. Мұндай жағдайда олар аталған билік орындарының қадағалауына, кедендік заңдар мен ережелерге сәйкес, алып кеткенше немесе басқаша түрде пайдаланғанша қойылуы мүмкін.

4. Тікелей транзитпен баратын теңдеме жүк пен жүк кедендік баждар мен басқа да салықтардан босатылатын болады.

5. Сондай-ақ, бір Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындары басқа Тараптан осындай босатуды пайдаланатын басқа авиакәсіпорны мен займды немесе бір Тарап мемлекетінің аумағы шегінде осы Баптың 1-тармағында атап көрсетілген заттарды беру туралы уағдаласса, осы баппен ұсынылатын босатулар қолданылатын болады.

11-бап

Көлем

1. Әрбір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарының тиісті аумақтар арасында және одан тыс, осы Келісімге қосымшада белгіленген бағыттар бойынша уағдаластық желілерді пайдалануға әділетті және тепе-тең мүмкіндіктері болады.

2. Уағдаласқан желілерді пайдалануда Әр Тарап мемлекетінің тағайындалған

авиакәсіпорындары екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарының бүкіл бағытта немесе бұл бағыттың учаскесінде қамтамасыз ететін тасымалдауларына залал тигізбеу үшін соңғылардың мүдделерін назарға алатын болады.

3. Тараптар мемлекеттерінің тағайындалған авиакәсіпорындары қамтамасыз ететін уағдаластық желілері белгіленген бағыттардағы тасымалдауларда қоғамдық қажеттілікке сәйкес болады және мұндай көлем ұсыну бірінші кезекті мақсат болады, өйткені әуе кемесін тиеудің орынды коэффициентінде Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасындағы жолаушылар, жүктер мен почта тасымалдауларында ағымдық және болжамды қажеттіліктерге жауап беретін болар еді.

4. Тағайындалған авиакәсіпорындар кез келген уағдаластық желіні пайдалану басталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей екі Тарап мемлекеттерінің билік органдарының бекітуіне ұшудың болжамдық бағдарламасын ұсынады. Ұшудың аталған бағдарламалары ұшудың пайдалануы, жиілігі мен кестесін болжау үшін қажет қызмет типтерін, әуе кемелері типін қосады.

Мұндай рәсім өзгерістер болатын жағдайда қолданылады.

Ерекше жағдайларда уақыт кезеңі авиациялық билік орындарының өзара уағдаласуы бойынша қысқаруы мүмкін.

12-бап

Әуе кемесін ауыстыру және кодтарды бірігіп пайдалану

1. Бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындары екінші Тарап мемлекетінің аумағында әуе кемесін мынадай жағдайларда ауыстыра алады:

а) ауыстыру пайдалануды үнемдеу себептерімен түсіндірілгенде;

б) Тараптар мемлекетінің аумағынан тым алыстағы учаскесінде пайдаланылатын, авиакәсіпорын тағайындаған әуе кемелері ұшуды одан гөрі жақынырақ учаскеде тұрған әуе кемесімен бірге ғана орындайтын болғанда және оны жүйелі жүргізетін болғанда; біріншілер ауыстыру пункттеріне соңғылардан қабылданған немесе соңғылар берген тасымалдауларды орындау мақсатында келетін болғанда және сол мақсатпен көлем бірінші кезекте айқындалғанда;

с) егер осы Келісімге Қосымшада басқа жолмен рұқсат етілген болмаса, авиакәсіпорындар жарнама жолымен немесе қандай да бір басқа тәсілмен әуе кемесі ауыстырылатын пунктте басталатын тасымалдауды жүргізуді қоғамға өздері ұсынбағанда;

д) егер екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарымен бір ұшудан артық орындауға рұқсат етілген болмаса, басқа Тарап мемлекетінің аумағында әуе кемесі айырбас жүргізілген кез келген бір ұшуына байланысты осы аумақтан тек бір ұшу ғана рұқсат етілгенде.

2. Осы Баптың 1-тармағының шарттарына байланыссыз Қосымшада белгіленген

бағыттар бойынша уағдаластық желілерді пайдалануда әрбір тағайындалған авиакәсіпорын кез келген мемлекеттің авиакәсіпорнымен кодтарды бірлесіп пайдалану жөніндегі келісімді соңғы авиакәсіпорынның тасымалдауға тиісті бағыты мен құқығы бар жағдайында жасай алады.

13-бап

Тарифтер

1. Тараптар Қосымшада белгіленген бағыттардың біріндегі тарифтер тағайындалған авиакәсіпорындардың әрқайсысына, мүмкіндігінше, олардың арасындағы консультациялардан кейін белгіленетініне келіседі.

2. Уағдалас желілер бойынша екінші Тарап мемлекетінің аумағына немесе аумағынан тасымалдау үшін тарифтер парасатты шекте, пайдалану шығындарын, орынды кірісті, қызмет көрсетулер сипаттамасын, тұтынушылар мүдделерін қоса және егер барлық бағыт немесе бұл бағыттың учаскесі бойынша басқа авиакәсіпорындардың тарифтері қолайлы деп есептелсе, барлық тиісті факторларды есепке ала отырып, белгіленетін болады.

3. Тарифтер екі Тарап мемлекеттерінің авиациялық билік орындарының бекітуіне, ең болмағанда, оларды енгізудің ұсынылған күнінен қырық бес (45) күн бұрын ұсынылады; ерекше жағдайда авиациялық билік орындарымен одан гөрі қысқарак кезең қабылдануы мүмкін.

Егер ұсынылған күннен бастап отыз (30) күн ішінде бір Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарын ұсынылған тарифпен өзінің келіспейтіндігі туралы құлақтандырмаса, тариф бекітілген болып есептеледі және ұсынылған тариф үшін белгіленген күннен бастап күшіне енеді.

Авиациялық билік орындары тарифті ұсыну үшін қысқарған кезең қабылдаған жағдайда, олар тарифті қабылдамау туралы құлақтандыру берілетін уақыт отыз (30) күннен кем болады деп келісуі мүмкін.

4. Тарифті қабылдамау туралы құлақтандыру осы Баптың 3-тармағына сәйкес алынған болса, Тараптар мемлекеттерінің авиациялық билік орындары осы Келісімнің 17-бабына сәйкес кеңестер жүргізеді және уағдаластық жолымен тарифті айқындау үшін күш салады.

5. Егер Тараптар мемлекеттерінің авиациялық билік орындары осы Баптың 3-тармағына сәйкес ұсынылған қандай да бір тариф бойынша немесе осы Баптың 5-тармағына сәйкес кез келген тарифті айқындау бойынша уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, онда дау-дамай осы Келісімнің 18-бабының ережелері бойынша реттелуі мүмкін.

6. Егер бір Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары белгіленген тарифпен келіспесе, олар ол туралы екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарын

құлақтандырады және қажет болған жағдайда тағайындалған авиакәсіпорындар уағдаластыққа жетуге талпынатын болады.

Егер қабылдамау туралы құлақтандыру алған күннен бастап тоқсан (90) күн ішінде жаңа тариф тағайындалмаса, онда осы Баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген р ә с і м д е р қ о л д а н ы л а д ы .

7. Егер тарифтер осы Баптың ережелеріне сәйкес тағайындалса, ол тарифтер осы Баптың немесе осы Келісімнің 18-бабына сәйкес жаңа тариф тағайындалған кезге дейін қ о л д а н ы л а д ы .

8. Егер Тараптың кез-келген мемлекетіне авиациялық кәсіпорындары онымен келіспейтін болса, осы Баптың 4-тармағының ережелеріне және осы Келісімнің 18-бабына сәйкес тариф белгіленген жағдайларды қоспағанда, тариф күшіне енбейді.

9. Екі Тарап мемлекеттерінің авиациялық билік орындары тағайындалған және алынатын тарифтердің олар бекіткен және даусыз болып табылатын тарифтерге сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін күш салады.

14-бап

Өкілдік

1. Бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарына өзаралық негізде екінші Тарап мемлекетінің аумағында өз өкілдерін, коммерциялық, жұмысшы және уағдаластық желілерді пайдалану үшін қажетті техникалық персонал ұстауға құқық б е р і л е д і .

2. Мұндай өкілдіктің тағайындалған авиакәсіпорындар қалауы бойынша кез келген ұлттан тұратын жеке меншік персоналы бола алады немесе екінші Тарап мемлекетінің аумағында іс-әрекет ететін және болған Тарап мемлекетінің аумағында мұндай қызмет көрсетулерді жүзеге асыруға уәкілеттендірілген кез келген басқа ұйымның, компанияның және авиакәсіпорынның қызмет көрсетулерін пайдалана алады.

3. Өкілдер мен персонал екінші Тарап мемлекетінің аумағында іс жүзінде қолданылатын заңдар мен ережелерге бағынатын болады. Осындай заңдар мен ережелерге сәйкес әр Тарап өзаралық негізде және ең аз кідіріспен жұмысқа қажетті рұқсаттарды, осы Баптың 1-тармағында көрсетілген өкілдер мен персонал үшін жұмысқа орналасуға рұқсаты бар визаны және осы сияқты басқа құжаттарды ұсынады.

4. Екі Тарап уақытша негізде белгіленген қызметтер мен міндеттерді жүзеге асыратын персонал үшін, бұл қолданыстағы заңнамада рұқсат етілген дәрежеде, жұмысқа рұқсатты немесе жұмысқа орналасуға рұқсат берген визаны басқа да сол сияқты құжаттарды талап етуінсіз амалдай алады.

15-бап

Тасымалдарды сату және кірістер

1. Тағайындалған әр авиакәсіпорынға екінші Тарап мемлекетінің аумағында авиатасымалдар бойынша тікелей немесе өз қалауы бойынша, өзінің агенттері арқылы қызмет көрсетулерді сатуды жүзеге асыру құқығы беріледі.

Тағайындалған әр авиакәсіпорынның өзінің авиакөліктік қызмет көрсетулерін ұлттық немесе кез келген басқа еркін айырбасталатын валютада еркін сатуға құқығы б о л а д ы .

Кез келген адам мынадай тасымалдау қызметін осы авиакәсіпорынның қабылдайтын валютасында сатып алуға құқығы бар.

2. Әр Тарап екінші Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарына бұл авиакәсіпорындардың аумағында алынған кірістердің шығыстардан артылған сомасын еркін аударуға құқық береді. Мұндай аударулар ағымдағы төлемдер үшін айырбастың ресми бағамы негізінде жүзеге асырылады немесе, егер ресми айырбас бағамы жоқ болса, екінші Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарының ауыстыру туралы сұрау салу берген күніне қолданылатын ағымдық төлемдер рыногының басымдық айырбас бағамы бойынша және қызмет көрсетулер үшін мұндай аударуларда банктер алатын жай алымдарды қоспағанда, алымдар салынбайды.

3. Әрбір Тарап өзара тілектестік негізде екінші Тараптың тағайындалған кәсіпорындарын бірінші Тарап аумағында осы кәсіпорындар тапқан кірістер мен табыстарға салық салудың кез келген нысанынан, сондай-ақ айналым мен капиталға арналған кез келген салықтардан босататын болады.

Егер Тараптар арасында Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенция қолданылатын болса, осындай босатуды көздейтін бұл ереже қолданылмайды.

16-бап

Ақпараттар алмасу

1. Екі Тарап мемлекеттерінің авиациялық билік орындары екінші Тарап мемлекетінің аумағына, аумағы арқылы немесе аумағынан әуе қатынасын жүзеге асыру үшін олардың тағайындалған авиакәсіпорындарына ұзартылған ағымдық рұқсаттарға қатысты ақпараттармен жедел алмасады. Бұл ақпарат іс жүзіндегі куәліктер мен уағдаластық желілерді пайдалануға өзгерістермен бірге рұқсаттардың көшірмелерін, босатуға тапсырыстарды және пайдалануға рұқсаттар үлгілерін қосады.

2. Әрбір Тарап екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарына алдын ала , бұл қаншалықты жүзеге асыруға болатынына қарай, тарифтер, кестелер, олардың кез келген өзгерістерін қоса, көшірмелерін және тағайындалған бағыттардың әрқайсысын қамтамасыз ететін көлем туралы ақпараттарды қоса, уағдаластық желілерді пайдалануға қатысты барлық басқа тиісті ақпараттарды және екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындары осы Келісімнің ережелерін тиісті түрде сақталған болуы үшін қамтамасыз етуге сұралатын кез келген ақпаратты ұсынуда

жәрдемдесетін

болады.

3. Әр Тарап өзінің тағайындалған авиакәсіпорындарына екінші Тарап мемлекетінің авиациялық билік орындарына уағдаластық желілердегі тиеу және түсіру пункттері көрсетілген тасымалдауларға қатысты статистикалық ақпараттарды ұсынуда жәрдемдесетін болады.

17-бап

Консультациялар

1. Тараптар мемлекеттерінің авиациялық билік орындары осы Келісімнің ережелеріне және оның Қосымшасын орындауға және сәйкес келуіне әсер ететін барлық мәселелер бойынша тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында мезгіл-мезгіл бір-бірімен консультациялар жүргізіп отыратын болады.

2. Егер екі Тарап та басқалай уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, мұндай консультациялар мұндай сұрау салу алған күннен бастап алпыс (60) күн ішінде басталатын болады.

18-бап

Дауларды реттеу

1. Осы Келісімді талғап-талдап түсіндіруге немесе қолдануға байланысты Тараптар арасында кез келген дау туындаған жағдайда, Тараптар оларды ең алдымен келіссөздер жолымен реттеуге талаптанады.

2. Егер Тараптар дауларды келіссөздер жолымен басқалай реттеуге қол жеткізе алмаса, олар дауды белгілі тұлғаның немесе органның шешуіне беруге келісе алады, сондай-ақ Тараптардың кез келгені дауды үш төрешіден тұратын Төрелік Соттың шешуіне ұсына алады.

3. Төрелік Сот мынадай түрде құрылатын болады:

Әр Тарап бір Тараптың дипломатиялық арналары бойынша екінші Тараптан төрелікті жүргізуге сұрау салуын алған күннен бастап алпыс (60) күн ішінде төрешіні тағайындайды. Осындай екі төреші уағдаластық бойынша келесі алпыс (60) күн ішінде үшінші төрешіні тағайындайды.

Үшінші төреші үшінші мемлекеттің азаматы болады және Төрелік Соттың төрағасы ретінде іс-қимыл жасайды және оның өткізілу орнын айқындайды.

Егер Тараптың біреуі аталған кезең уақытында төрешіні тағайындамаса немесе егер үшінші төреші көрсетілген кезеңде тағайындалмаған болса, кез келген Тараптың өтініші бойынша Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы Кеңесінің Президенті төрешіні немесе жағдай талап етуіне қарай төрешілерді тағайындайды.

4. Тараптар осы Баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес құрылған Төрелік Сот қабылдаған кез келген шешімді орындауға міндеттенеді. Егер бір Тарап мұндай

шешімді орындамаса, екінші Тараптың осы Келісімнің 5-бабын қолдануына негізі
б о л а д ы .

5. Төрелік Соттың шығындары екі Тараптың арасында тепе-тең бөлінетін болады.

19-бап

Түзетулер

1. Егер Тараптың біреуі осы Келісімнің қандай да бір ережесін өзгертуге ниет етсе, ол екінші Тарапқа консультация жүргізуге сұрау сала алады. Авиаациялық билік орындарының арасындағы мұндай консультациялар келіссөздер немесе хат жазысу арқылы жүргізілуі мүмкін және сұрау салынған күннен бастап алпыс күн ішінде
б а с т а л а д ы .

2. Егер жалпы көптарапты авиаациялық конвенция екі Тарапқа қатысты күшіне енетін болса, мұндай конвенцияның ережелері басым болады. Консультациялар осы Баптың 1-тармағына сәйкес осы Келісімге көптарапты конвенцияның ережелерінің әсер ететін деңгейін анықтау мақсатымен өткізілуі мүмкін.

3. Мұндай консультациялардың нәтижесінде келісілген кез келген өзгеріс дипломатиялық ноталармен алмасу жолымен расталғаннан кейін күшіне енеді.

4. Тараптар Қосымшадағы бағыттар кестесі авиаациялық билік орындарының арасында әкімшілік тәртіппен өзгертілуі мүмкіндігіне келісті.

20-бап

Күшінің тоқтатылуы

1. Осы Келісім Тараптың біреуі жазбаша түрде екінші Тарапты осы Келісімнің күшін жою туралы өзінің ниетімен жазбаша түрде құлақтандырғанша күшінде қалады.

Мұндай құлақтандыру бір мезгілде Азаматтық авиаацияның халықаралық ұйымына
ж о л д а н а д ы .

2. Бұл жағдайда, егер Келісімнің күшін жою туралы құлақтандыру өзара келісім бойынша аталған кезең өткенге дейін кері шақыртылып алынбаса, екінші Тарап мұндай құлақтандыруды алған күннен он екі (12) айдан кейін Келісімінің күші жойылады.

Екінші Тарап құлақтандыруды алғаны туралы растамаған жағдайда, соңғы Азаматтық авиаацияның халықаралық ұйымы құлақтандыруды алғаннан он төрт (14) күннен кейін алынған болып есептеледі.

21-бап

Тіркеу

Осы Келісім және оған енетін кез келген өзгерістер Азаматтық авиаацияның халықаралық ұйымында тіркелетін болады.

22-бап

Күшіне енуі

Әрбір Тарап екінші Тарапты дипломатиялық арналар арқылы осы Келісімнің күшіне ену қажеттігі туралы конституциялық нысандылықтардың орындалғаны туралы құлақтандырады.

Келісім келесі құлақтандыру күнінен бір ай өткеннен соңғы бірінші күні күшіне енеді.

Осыны куәландыра отырып, оған өздерінің тиісті Үкіметтерімен лайықты түрде уәкілеттендірілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2000 жылы 27 маусымда Брюссель қаласында екі данада, ағылшын тілдерінде жасалды.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Қосымша

Бельгия Корольдігінің
Үкіметі үшін

Бағыттар кестесі

1. Қазақстан Республикасының бағыттары						
Жөнелту пункттері		Аралық пункттер		Бару пункттері		Тысқары пункттер
Қазақстандағы пункттер					Бельгиядағы пункттер	
2. Бельгия Корольдігінің бағыттары						
Жөнелту пункттері		Аралық пункттер		Бару пункттері		Тысқары пункттер
Бельгиядағы пункттер					Қазақстандағы пункттер	

Уағдаластық бағыттағы кез келген пункт немесе пункттер екі Тараптың тағайындалған авиакәсіпорындарымен алынып тасталуы мүмкін немесе жөнелту немесе бару пункттері олардың азаматтығы мемлекетінің аумағында болған жағдайда кез келген тәртіппен кез келген немесе барлық бағыттарда пайдаланылуына болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК